

Аудандар бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау көлемін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 20 маусымдағы N 65 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 29 шілдеде N 2053 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 23 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012.05.21 № 23 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 ақпандағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі № 237 қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесінің 8-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандар бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау көлемі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы

Б.Оспанов

Облыс әкімі аппаратының басшысы

Б.Жылқышиев

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, орындаушы

Қ.Оспанбеков

Облыс әкімі аппаратының ауыл шаруашылығын дамыту,

табиғатты пайдалану және кәсіпкерлік мониторингі

бөлімінің меңгерушісі

Қ.Ыдырысов

Облыс әкімі

аппаратының

заң бөлімінің меңгерушісі

Р.Жексембаева

Бас маман-аудармашы

Қ.Бекназарова

Аудандар бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау көлемі

№	Қала, аудан атауы	Су пайдалану шегі, мың текше метр	Субсидия көлемі, мың теңге
	1	2	3
1	Қазығұрт	120 000	3 000
2	Мақтаарал	924 000	184 000
3	Ордабасы	218 000	2 500
4	Отырар	176 000	3 598
5	Сарыағаш	441 000	10 000
6	Шардара	845 000	74 130
7	Түркістан қ.	382 000	20 000
ЖИЫНЫ:		3 106 000	297 228